



3.1 Ата-аналар жиналысы

Уақыты	Іс-шара атауы	Мазмұны	Жауапты
Қыркүйек	Ата-аналар жиналысы «Баланың басты ұстазы өзіңсіз» №1 – «Жаңа оқу жылы: мақсаттар мен міндеттер»	Балабақша жұмыс жоспарын таныстыру, топ тәртібі, қауіпсіздік ережелері	Әдіскер, тәрбиеші
Қаңтар	Ата-аналар жиналысы №2 – «Баланың дамуы: бірінші жартыжылдық қорытындысы»	Балалардың даму картасын талдау, үйдегі қолдау жолдары	Әдіскер, тәрбиеші
Мамыр	Ата-аналар жиналысы №3 – «Жазғы қауіпсіздік пен денсаулық»	Жаз мезгілінде баланың қауіпсіздігі, шынықтыру шаралары, демалыс жоспары	Әдіскер, медбике

3.2 Ата-аналар мен балалар біріккен іс-шара жоспары (Конкурстар, Акциялар, мерекелер, ойын сауықтар)

Уақыты	Іс-шара атауы	Мазмұны	Бағыты
Қазан	Ашық есік күні – «Балабақша өміріне саяхат»	Ата-аналарға ашық сабақтар мен шығармашылық шеберханаларды көрсету	Танымдық, серіктестік
Желтоқсан	Фото/сурет көрмесі – «Менің Отаным – Қазақстан»	Балалардың патриоттық тақырыптағы шығармашылығын ата-анамен бөлісу	Ұлттық
Ақпан	Семинар-тренинг – «Отбасындағы тәрбие: ата-ана рөлі»	Ата-аналарға психологиялық және педагогикалық кеңес	Психологиялық
Наурыз	Мерекелік іс-шара – «Наурыз – бірлік пен береке мерекесі»	Ұлттық ойындар, тағамдар жәрмеңкесі, сахналық қойылым	Ұлттық, бірлік
Сәуір	Экологиялық акция – «Таза аула – жарқын болашақ»	Балалар, ата-ана, педагог бірлесіп аула тазалау және гүл отырғызу	Экологиялық
Мамыр	Қорытынды мереке – «Балалық шақ – бақыт әлемі»	Жыл бойғы жетістіктерді көрсету, алғыс хат тапсыру	Шығармашылық, бірлік

«Жолшы»бөбекжай-бақшасы» мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорыны.

29.08.2025 жылы «Жолшы»бөбекжай-бақшасы»МКҚК бойынша ата-аналар жиналысының

№1 хаттамасы.

Қатысуға тиіс:32

Қатысқаны:27

Күн тәртібінде: 1.Жаңа оқу жылына қойылатын мақсат-міндеттері,
2. Балалардың бейімделу туралы психологтің кеңесі,
3.Ата-аналарымен бірлесе атқаратын жұмыс түрлері,
4.Ата-аналар комитетін құру.

Меңгеруші Ш.Толыбаева ата-аналар жиналысын ашып.Балабақшаның даму бағыты,алға қойылған мақсаттарға толық тоқталып өтті.

Сөйлеушілер: «Еркетай» топ тәрбиешісі В.Кадирова

Балаларымыздың жас ерекшеліктеріне сай күн тәртібі жасақталды. Осы күн тәртібіне сай жан-жақты бағытталған жұмыстар жүргіземіз. Біз ұлттық құндылықтарды,смарт-бала жобасын,ойын арқылы тәрбиелеуді жүзеге асырамыз.

«Еркетай» тобының жылдық жұмыс жоспарымен таныстырып өтейін. Жылдық жұмыс жоспарға сай бірлесіп жұмыстарды жақсы атқаратынымызға мен сенемін.

«Күншуақ» топ тәрбиешісі М.Утеуова

Даналық мектебінің жоспарларына тоқталып, таныстырып өтті. Бірлесіп өтетін іс-шара әлеуметтік желіге салынып отыратынын айтты.

Психолог:

Р.Аманғосова

Балалардың балабақшаға бейімделуі жөнінде сөз сөйледі.

Кіші топқа келген балаларға алғашқы күндері ата-анасының жоқтығы қиын соғады.

Сондықтан сіздерден өтініш: балаға жылы сөз айтып, балабақшаға қуана шығарып салыңыздар. Баланың мінез-құлқындағы өзгерістерге мән беріп, бізбен бірге жұмыс жасасаңыздар, бейімделу процесі жеңіл өтеді

Ата-аналарға сауалнама таратылды.

Ата-аналарға айтылған кеңестер туралы, сұрақтар қойылып, сұрақтарға балабақша меңгеруші, педагогтар жауап берді.

Ата-аналар кеңесінің шешімі:

- 1.Жаңа оқу жылына қойылатын мақсат-міндеттер бекітілсін.
2. Балалардың бейімделу туралы психологтің кеңесі ескеріліп,балалардың бейімделуіне ата-аналар белсенді қатыссын.
3. Меңгеруші тоқталған ата-ана, балабақша байланысын нығайту жұмыстары жалғасын тапсын.
- 4.Ата-аналар комитетінің төрағасы, құрамы бекітілсін.

Төраға

Ш.Толыбаева

Ата-аналар комитетінің төрағасы

К.Егізбаева

Хатшы:

С.Жоламанова



«Жолшы»бөбекжай-бақшасы» мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорыны.

20.01.2026 жылы «Жолшы»бөбекжай-бақшасы»МКҚК бойынша ата-аналар жиналысының
№2 хаттамасы.

Қатысуға тиіс:32

Қатысқаны:30

Күн тәртібінде: 1. Баланың дамуы: бірінші жарты жылдық қойтындысы.

Менгеруші Ш.Толыбаева ата-аналар жиналысын ашты.

Топ тәрбиешілері жарты жылдық есептеріне тоқталып, өздерімен бірлескен іс-шараларын слайд арқылы көрсетті.Тәрбиеленушілердің ойын шығармашылық, зерттеу танымдық әрекеттерін, қимылдық белсенділігі, соның ішінде ірі және ұсақ моториканы дамытуға күн тәртібі бойынша, әр бағытта, күрделі жұмыстар жүргізіп, өздеріңіздің ата-аналар чатына орналастырып отырамыз.

Сөйлеушілер Ата-ана Күзембаева Л

Мен, осы балабақша педагогтарының атқарып жатқан жұмыстарына қанағаттанамын. Балам ашылып, құрдастарымен еркін ойнайды, өзінің қалауын ашып айта алады. Топ тәрбиеші мен тәрбиеленуші арасында сенімді қарым-қатынас орнаған.

Ата-ана Әмірғалиева Ж

Баламның даму деңгейі қарқынды. Ата-аналар айтып отырғандай физикалық тұрғыда да көп өзгерістер көруге болады. Балабақшада жан-жақты толыққанды дамуына жағдай жасалған.

Ата-аналар кеңесінің шешімі:

1. Баланың дамуы: бірінші жарты жылдық қойтындысына «Қанағаттанарлық» деген баға берілсін.

Төраға : Ш.Толыбаева
Ата-аналар комитетінің төрағасы: К.Егізбаева
Хатшы: С.Жоламанова



«Жолшы»бөбекжай-бақшасы» мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорыны.

28.05.2026 жылы «Жолшы»бөбекжай-бақшасы»МКҚК бойынша ата-аналар жиналысының
№3 хаттамасы.

Қатысуға тиіс:32

Қатысқаны:27

Күн тәртібінде: Қорытынды мереке – «Балалық шақ – бақыт әлемі»

Меңгеруші Ш.Толыбаева ата-аналар жиналысын ашты.

Тыңдалды: С.Жоламанова

«Жолшы»бөбекжай-бақшасы»МКҚК жылдық жоспарға сай Балабақшаның педагог қызметкерлері 2025-2026 оқу жылында Қазақстан Республикасының мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандартын басшылыққа ала отырып тәрбиелеу мен оқыту мазмұнына қойылатын нормалар мен талаптар жүйесінде жылдық жоспар бойынша жан-жақты қамтылған жұмыстар атқарылды. Биылғы оқу жылы «Адал азамат» біртұтас тәрбие бағдарламасына және биылғы жылы бекітілген «Жасыл балабақша» пилоттық жоба бойынша жоспарға сай әр-бір өткізілген іс-шарамызға қатысып белсендік танытып отырған ата-аналар көп. Бала бақша педагогтері өздерінің шығармашылық ерекшеліктері мен күнделікті ұйымдастырылған іс-әрекетін өткізе отырып, тәжірибе алмасу бағытында өзара ұйымдастырылған іс-әрекетіне кіре отырып, өзара ұйымдастырылған іс-әрекет дәптерлерін толтырып отырды. Ал, ашық ұйымдастырылған іс-әрекеттерін бақылау парақтарына толтырып отырды. Бастапқы даму мониторингі жүргізілгеннен кейін, оны жақсарту бағытында педагог кадрлер жеке және топпен жүргізіліп қорытынды жасалды. Балабақшамызда педагогикалық ұжымның кәсіби шеберлік пен іздемпаздықпен, жаңашылдықпен еңбек етіп, жас ұрпаққа сапалы білім, саналы тәрбие беру үшін туғызылған. Жыл сайын өздеріңіздің балаларыңыз қатысып отырған байқаулар тәрізді, педагог кадрлерді сырттан келген қатынастарға сай байқауларға, семинарларға, олимпиадаларға толығымен қатысып отырды.

«Еркетай»; «Күншуақ» топ тәрбиешілері қауіпсіздік іс-шарасына, «Аналар», «Әжелер», «Әкелер» мектебінің жұмыстарына тоқталып өтті. Өздерінің бірлескен іс-шараларына слайд арқылы шолу жасады. Алдағы оқу жылы «Жасыл балабақша» пилоттық жоба бағытында атқарылатын іс-шарамыз көптігін және қорытынды кезеңде неліктен « Барқын-Ойыл Швейцариясы» деп аталғанын сіз-біз болып анықтаймыз.

Сөйлеушілер:

Ата-ана Ажмұратова Жайнагүл

Менің балам «Еркетай» тобында тәрбиеленуде. Топта өтіп жатқан іс-шараға үнемі отбасыммен бірге қатысып жүремін. Топ тәрбиешілерінің берген тапсырмаларын орындап келем. Баламмен бірге аудандық іс-шараға және байқауларға қатысып жүлделі орындарға ие болдық.

